

2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Атырау облысы Қызылқоға ауданы мәслихатының 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № XIX-2 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 9 қаңтарда № 4033 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес және аудан әкімдігі ұсынған 2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджет жобасын қарап, VI шақырылған аудандық мәслихат XIX сессиясында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 6 087 895 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 1 165 092 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 12 778 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 29 271 мың теңге;
 - трансферттердің түсімдері – 4 880 754 мың теңге;
 - 2) шығындар – 6 156 553 мың теңге;
 - 3) таза бюджеттік несиелендіру – 15 177 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік несиелер – 28 860 мың теңге;
 - бюджеттік несиелерді өтеу – 13 683 мың теңге.
 - 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
 - 5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 83 835 мың теңге;
 - 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 83 835 мың теңге
- , оның ішінде:
- қарыздар түсімі – 28 860 мың теңге;
 - қарыздарды өтеу – 13 683 мың теңге;
 - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 68 658 мың теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 20.03.2018 N XXII-2; 12.09.2018 № XXVI-3; 27.11.2018 № XXVIII-2; 25.12.2018 № XXX-1 шешімдерімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Аудан бюджетіне жалпы мемлекеттік салықтар түсімінің жалпы сома нормативі 2018 жылға келесідей көлемдерде бекітілсін:

төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы - 100%;
төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы - 100%;

элеуметтік салық бойынша - 50%.

3. Облыстық бюджеттен аудан бюджетіне берілетін субвенция көлемі 2018 жылға – 3 104 173 мың теңге сомасында белгіленсін.

4. Аудандық бюджеттен ауылдық округтер бюджеттеріне берілетін субвенциялар көлемдері 2018 жылға 488 106 мың теңге сомасында, оның ішінде:

Миялы ауылдық округіне – 199 985 мың теңге;

Ойыл ауылдық округіне – 61 429 мың теңге;

Тасшағыл ауылдық округіне – 55 118 мың теңге;

Сағыз ауылдық округіне – 110 884 мың теңге;

Мұқыр ауылдық округіне – 60 690 мың теңге көзделсін.

4-1. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округтер бюджеттеріне 79 765 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер көзделсін, оның ішінде:

ауылдық округ әкімі аппараттарының ағымдағы шығындарына – 30 073 мың теңге;

білім беру ұйымдарын ағымдағы ұстауға – 29 680 мың теңге;

елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға – 2 252 мың теңге;

елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыруға – 800 мың теңге;

азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге – 15 000 мың теңге.

елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыруға – 0 мың теңге;

мәдениет ұйымдарын ағымдағы ұстауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға – 960 мың теңге.

Ескерту. Шешім 4-1-тармақпен толықтырылды Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 20.03.2018 N XXII-2 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 12.09.2018 № XXVI-3; 27.11.2018 № XXVIII-2 шешімдерімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

5. 2018 жылға азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, элеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

6. 2018 жылға ауылдық елді мекендерде жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, элеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға жетпіс еселік айлық есептік

көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы көтерме жәрдемақы және бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрғын үй сатып алуға немесе салу үшін бюджеттік кредиттер қаралғаны ескерілсін.

7. Ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде аудандық бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек қаралғаны ескерілсін.

8. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен келесі мөлшерлерде:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеміне – 40 963 мың теңге;

халықты жұмыспен қамту орталықтарына ассистенттер мен әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттарды енгізуге – 11 835 мың теңге;

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға – 8 282 мың теңге;

мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға – 0 мың теңге;

еңбек нарығын дамытуға – 23 380 мың теңге;

тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге – 2 951 мың теңге;

оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге – 4 015 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттері көзделгені ескерілсін.

жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыт бойынша төленген сомаларын өтеуге – 92 636 мың теңге;

ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге – 10 754 мың теңге;

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 12.09.2018 № XXVI-3; 27.11.2018 № XXVIII-2; 25.12.2018 № XXX-1 шешімдерімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

8-1 2018 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен келесі мөлшерлерде нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін:

"Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға – 578 480 мың теңге.

Ескерту. Шешім 8-1-тармақпен толықтырылды Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 12.09.2018 N XXVI-3 ; өзгерістер енгізілді - Атырау облысы

Қызылқоға аудандық мәслихатының 27.11.2018 № XXVIII-2 шешімдерімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

9. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға - 28 860 мың теңге сомасында бюджеттік кредиттер көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 27.11.2018 № XXVIII-2 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

10. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен келесі мөлшерлерде:

білім беру ұйымдарын ағымдағы ұстауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға – 193 409 мың теңге;

мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізуге – 67 111 мың теңге;

нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, еңбек нарығын дамытуға бағытталған, іс-шараларды іске асыруға – 34 176 мың теңге;

автокөлік жолдарын ағымдағы ұстау және құжаттарын дайындауға – 6 700 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттері көзделгені ескерілсін.

мәдениет ұйымдарын ағымдағы ұстауға және материалдық–техникалық жарақтандыруға – 10 000 мың теңге;

спорт ұйымдарын ағымдағы ұстауға және материалдық–техникалық жарақтандыруға – 76 123 мың теңге;

азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге – 65 000 мың теңге;

қысқы мерзімге дайындық жұмыстарын жүргізу үшін – 35 380 мың теңге;

бруцелезбен ауыратын, санитариялық союға бағытталған ауыл шаруашылығы малдардың (ірі қара және ұсақ малдың) құнын (50%-ға дейін) өтеуге – 27 300 мың теңге ;

ауыл шаруашылығы мен ветеринария ұйымдарын ағымдағы ұстауға және материалды-техникалық базасын нығайтуға – 26 528 мың теңге;

эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге – 16 752 мың теңге;

азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге – 2 165 мың теңге ;

әкімшілік ғимаратын күрделі жөндеуге – 14 613 мың теңге.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 20.03.2018 N XXII-2; 12.09.2018 № XXVI-3; 27.11.2018 № XXVIII-2; 25.12.2018 № XXX-1 шешімдерімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

11. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен келесі мөлшерлерде:

көлік инфрақұрылымы объектілерінің жобалау-сметалық құжаттамасын жасақтауға және салуға, сондай-ақ автомобиль жолдарын жаңғыртуға – 329 220 мың теңге.

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және салуға – 24 000 мың теңге.

жобалау-сметалық құжаттама жасақтау және инженерлік – коммуникациялық инфрақұрылым құрылысына – 65 508 мың теңге.

білім беру объектілерін салуға және қайта құруға – 9 300 мың теңге нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 20.03.2018 N XXII-2; 27.11.2018 № XXVIII-2; 25.12.2018 № XXX-1 шешімдерімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

12. 2018 жылға жергілікті атқарушы органының резерві 8 396 мың теңге сомасында бекітілсін.

13. 2018 жылға арналған жергілікті бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

14. 2018 жылға ауылдық округтер әкімдері аппаратты арқылы қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру көлемі 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

15. 2018 жылға жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттердің қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округтерге бөлінісі 6-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

16. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың бюджет, қаржы, экономика, кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссияға (А. Баймуратова) жүктелсін.

17. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

А. Баймуратова

Аудандық мәслихат хатшысы

Т. Бейсқали

*Аудандық мәслихаттың XIX сессиясының 2017
жылғы 14 желтоқсандағы № XIX-2 шешіміне 1-
қосымша*

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 25.12.2018 № XXX-1 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

2018 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты	
Сыныбы	

Кіші сыныбы				Сомасы
Атауы				(мың теңге)
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	6 087 895
1			Салықтық түсімдер	1 165 092
1	01		Табыс салығы	171 252
		2	Жеке табыс салығы	171 252
		03	Әлеуметтік салық	94 549
		1	Әлеуметтік салық	94 549
		04	Меншікке салынатын салықтар	885 910
		1	Мүлікке салынатын салықтар	854 405
		3	Жер салығы	2 687
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	27 973
		5	Бірыңғай жер салығы	845
		05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	10 469
		2	Акциздер	1 372
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	5 091
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	4 006
		08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2 912
		1	Мемлекеттік баж	2 912
2			Салықтық емес түсімдер	12 778
		01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 752
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1 631
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	20
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	101
		02	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	602
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	602
		04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	421
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	421
		06	Өзге де салықтық емес түсімдер	10 003
		1	Өзге де салықтық емес түсімдер	10 003
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	29 271
		01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4 166

	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4 166
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	25 105
	1	Жерді сату	25 105
4		Трансферттердің түсімдері	4 880 754
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4 880 754
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4 880 754

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Кіші функционалдық топ					
Әкімші					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				II. Шығындар	6 156 553
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	376 440
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	277 815
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	19 219
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19 219
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	166 485
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	91 037
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	45 375
			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	30 073
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	92 111
			001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	92 111
	2			Қаржылық қызмет	1 006
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 006
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	631
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	375
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	97 619
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	47 254
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13 148

		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	16 054
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	18 052
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	23 078
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23 078
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1 000
		040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	1 000
	801		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі	26 287
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 287
02			Қорғаныс	4 301
	1		Әскери мұқтаждар	1 558
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1 558
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1 558
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	2 743
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2 743
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	2 743
04			Білім беру	3 059 383
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	139 522
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	82 623
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	82 623
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	46 270
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	46 270
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	10 629
		037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	10 629
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	2 672 831
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 543 135
		003	Жалпы білім беру	2 376 435
		006	Балаларға қосымша білім беру	166 700
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	129 696
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	129 696
	9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	247 030

	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	247 030
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 768
	005	Ауданның (областық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	125 379
	007	Аудандық (қалалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	1 500
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	5 968
	029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	10 739
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	46 996
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	29680
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	342 014
1		Әлеуметтік қамсыздандыру	40 963
	801	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі	40 963
	010	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	40 963
2		Әлеуметтік көмек	279 853
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 629
	003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	1 629
	801	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі	278 224
	004	Жұмыспен қамту бағдарламасы	183 059
	006	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	5 500
	007	Тұрғын үйге көмек көрсету	288
	009	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	889
	011	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	43 574
	015	Зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы	8 663
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	36 251
9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	21 198
	801	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі	21 198
	018	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 790
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	19 408
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	826 664

1		Тұрғын үй шаруашылығы	784 414
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	103 006
	004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	103 006
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	681 408
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	24 480
	004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	644 132
	074	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және/немесе салу	12 796
2		Коммуналдық шаруашылық	35 410
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	24 264
	028	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	24 264
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	11 146
	006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	11 146
3		Елді-мекендерді көркейту	6 840
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 840
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3 381
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1 795
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 664
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	309 115
1		Мәдениет саласындағы қызмет	115 401
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	61 394
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	61 394
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	54 007
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	54 007
2		Спорт	73 297
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	73 297
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 337
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	2 020
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	5 530
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	53 410
3		Ақпараттық кеңістік	70 309
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	67 309
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	67 309

	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	3 000
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	3 000
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	50 108
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	10 982
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 596
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	426
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	960
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	39 126
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23 146
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	15 980
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	205 507
1		Ауыл шаруашылығы	175 131
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	17 334
	001	Жергілікте деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17 334
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	157 797
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 782
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1 000
	008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	37 300
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	87 247
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	15 468
6		Жер қатынастары	16 679
	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	16 679
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 679
9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	13 697
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	13 697
	099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	13 697
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	23 669
2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	23 669
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	13 746
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13 746
	468	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	9 923

		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 923
12			Көлік және коммуникация	311 657
	1		Автомобиль көлігі	311 657
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	311 657
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	304 957
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	6 700
13			Басқалар	18 016
	3		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	12 814
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	12 814
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 814
	9		Басқалар	5 202
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 976
		040	"Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	4 976
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	226
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	226
14			Борышқа қызмет көрсету	20
	1		Борышқа қызмет көрсету	20
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	20
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	20
15			Трансферттер	679 767
	1		Трансферттер	679 767
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	679 767
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	64
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	184196
		038	Субвенциялар	488 106
		051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	7 401
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	15 177
			Бюджеттік кредиттер	28 860
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	28 860
	1		Ауыл шаруашылығы	28 860
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	28 860
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	28 860

Санаты

Сыныбы				Сомасы (мың теңге)
Кіші сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	13 683
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	13 683
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	13 683
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	13 683

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
			V.Бюджет тапшылығы (профициті)	-83 835
			VI.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	83 835
7			Қарыздар түсімдері	28 860
	1		Мемлекеттік ішкі қарыздар	28 860
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	28 860

Функционалдық топ				Сомасы (мың теңге)
Кіші функционалдық топ				
Әкімші				
Бағдарлама				
Атауы				
1	2	3	4	5
			Қарыздарды өтеу	13 683
16			Қарыздарды өтеу	13 683
	1		Қарыздарды өтеу	13 683
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	13 683
			005 Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	13 683

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	68 658

2019 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	222 348
1			Салықтық түсімдер	1 109 657
1	01		Табыс салығы	197 140
		2	Жеке табыс салығы	197 140
	03		Әлеуметтік салық	160 537
		1	Әлеуметтік салық	160 537
	04		Меншікке салынатын салықтар	735 530
		1	Мүлікке салынатын салықтар	729 957
		3	Жер салығы	847
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	4 207
		5	Бірыңғай жер салығы	519
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	13 415
		2	Акциздер	1 501
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	5 036
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	6 878
	08		Зандық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3 035
		1	Мемлекеттік баж	3 035
2			Салықтық емес түсімдер	9 037
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2 288
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	483
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	1 805
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	1 178
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	1 178
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	756
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	756

06	Өзге де салықтық емес түсімдер	4 815
	1 Өзге де салықтық емес түсімдер	4 815
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	20 810
01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 794
	1 Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 794
